

2015 жылға арналған Қызылжар ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 68 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 12 наурызда N 3156 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 маусымдағы N 264 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 03.06.2015 N 264 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1)- тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген 2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімінің орынбасары Р.Е. Рамазановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі

Б. Жұмабеков

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 68 қаулысымен бекітілген

2015 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	Бір тәрбиеленушіге айына (теңге)	Мектепке дейінгі
--	-----------------------------------	----------------------------------	------------------

	ұйымдары тәрбиеленушілерінің саны		кететін шығынның орташа құны		ұйымдарында айына қаржыландыру мөлш	
	Орта білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Мектепке дейінгі ұйымдар (балалар бөбекжайы, бала бақшалар, бөбекжай-бақша, "мектеп-бала бақша" кешені)	Орта білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Мектепке дейінгі ұйымдар (балалар бөбекжайы, бала бақшалар, бөбекжай-бақша, "мектеп-бала бақша" кешені)	Орта білім беру ұйымдарының базасында ұйымдастырылған мектепке дейінгі шағын-орталықтар	М
12	3	4	5	6	7	8
1 Қызылжар ауданы	810	350	13813	21734	13813	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК